

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ  
САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ САНИТАРИЯЛЫҚ  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ  
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ  
САНИТАРИЯЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ МАҒЖАН  
ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
БАСҚАРМАСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННО  
УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ САНИТАРНО  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
РАЙОНА МАҒЖАНА ЖҰМАБАЕВА  
ДЕПАРТАМЕНТА САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ  
КОМИТЕТА САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Т31В0Х6 (150800), Булаев к., Мира к.,8,  
тел: +7(71531)2-81-51,  
e-mail:m.zhumabaev\_uooz@dsm.gov.kz

Т31В0Х6 (150800), г.Булаево,ул.Мира,8,  
тел: +7(71531)2-81-51,  
e-mail:m.zhumabaev\_uooz@dsm.gov.kz

## ҚАУЛЫСЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

**2021ж 22 қаңтар № 2**

**Булаево қаласы**

**город Булаево**

**Қарақоға селосы аумағындағы  
шектеу іс шаралары туралы**

Мен, Мағжан Жұмабаев ауданының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері **Б. Б. Бегенова** Қарақоға селосы аумағында коронавирустық инфекцияның (COVID-19) 11 жағдайын тіркей отырып, 08.01.2021ж, 10.01.2021ж., 12.01.2021ж., 17.01.2021ж жылғы шұғыл хабарламалардың құжаттарын қарап, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының хаттамасын, Солтүстік Қазақстан облысы аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі 21.01.2021ж №40 отырысы негізінде анықтадым (установил)

Коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуіне байланысты және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының, "санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығының негізінде

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН (ПОСТАНОВЛЯЮ):**

Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға селосы аумағында мына іс-шаралар орындалсын:

## **1. Қарақоға селолық округ әкіміне:**

- 2021 жылғы 25 қаңтар сағат 16.00-ден бастап Covid-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында Мағжан Жұмабаев ауданының Қарақоға селосында адамдардың кіруіне/шығуына, оның ішінде жаяу жүруге шектеу орнатылсын.:

а) халықтың тіршілігін қамтамасыз ету ұйымдарының қызметкерлерін;

б) медициналық көрсеткіштер бойынша кететін және келетін адамдарды;

в) карантиндік стационарларда емделуде және бақылауда болған адамдарды;

в) көлікті және табиғатты қорғау, ветеринариялық іс-шараларға, жол жөндеу жұмыстарына, авариялық қызметтерге, санитариялық-эпидемиологиялық қызметке тартылған адамдарды, бірінші кезекте қажетті тауарларды, тамақ өнімдерін, дәрі-дәрмектерді, қатты, сұйық отынды және ЖЖМ берушілерді, сондай-ақ елді мекеннің шаруашылық тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге арналған тауарлары, жабдықтары мен материалдары бар барлық жүк көлігін растайтын құжаттар ұсынылған кезде (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, жұмыскерлер үшін-жұмыс орнынан);

- азық-түлік тауарларымен сауда объектілерінің қызметін сағат 08.00-ден 21.00-ге дейін шектеу;

- демалыс және мереке күндері қызметін тоқтата отырып, дүйсенбіден жұмаға дейін 10.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс режимімен азық-түлік емес тауарлармен(ауданы 500м2) сауда объектілерінің қызметін шектеу;

- ҚР БМСД №67, 68 қаулыларының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық компаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысы. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 80% - ы қашықтықтан жұмыс нысанында қалады (штат кестесінде 15-тен астам қызметкер болған кезде), штат кестесінде кемінде 15 қызметкер болған кезде қызметкерлердің кемінде 50% - ы қашықтықтан жұмыс нысанында қалуы ұсынылады; ҚР БМСД № 68 3-қосымшасына сәйкес алгоритмді сақтай отырып, күндізгі режимде кеңестер (отырыстар) өткізу (оларды қашықтықтан форматта өткізу мүмкіндігі болмаған кезде).;»

- барлық денгейдегі әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін онлайн форматта өткізу;

## **2. Қарақоға селосының тұрғындарына:**

1) "Қарақоға ауылының аумағында шектеу шараларын енгізу туралы" 22.01.2021 ж. №1 қаулының орындалуын қамтамасыз етсін»

2) транзиттік жүк автокөлігін, сондай-ақ халықтың мұқтажы үшін азық-түлік ауыл шаруашылығы және өзге де тауарлары бар жүк автокөлігін қоспағанда, Covid-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында 2021 жылғы 25 қаңтар сағат 16.00-ден бастап Мағжан Жұмабаев ауданының Қарақоға селосына адамдардың кіруіне/шығуына тыйым салынсын

3) ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салу;

4) жақын маңдағы дүкенге, дәріханаға және жұмысқа баруды қоспағанда, тұрғындардың пәтерлерден (үйлерден) шығуын шектеу;

5) Қарақоға ауылы аумағында тұрғындарды қабылдау сағат 08.00 – ден 21.00-ге дейін шектелсін;

6) коршілердің, таныстардың, туыстардың, әріптестердің сапарларын болдырмау;

7) сағат 19.00-ден кейін ересектердің қарауынсыз кәмелетке толмағандардың жүруіне **тыйым салу** белгіленсін;

8) 65 жастан асқан азаматтардың көшелерде оларға азық-түлік пен дәрі-дәрмек жеткізуді қамтамасыз ете отырып жүрін-тұруын шектеу;

9) респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері (мұрынның ағуы, түшкіру, температура) пайда болған кезде 103 нөмірі бойынша жедел медициналық көмекті шақыру жолымен медициналық ұйымдарға бармай-ақ, дереу үйде медициналық көмекке жүгінуге құқылы;

10) жерлеу іс-шараларын өткізу кезінде кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 30-дан астам адамның (негізінен отбасы мүшесінің) жиналуына жол бермеу;

11) ҚР ДСМ 31.05.2017 ж. № 357 бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелерге сәйкес жеке қорғану құралдарын пайдалану және кәдеге жарату бойынша ұсыныстарды сақтау.

**3) Солтүстік Қазақстан облысының ҰСО дезинфекциялық орталығы»:**

- Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға селосында жататын үй ошақтарына қорытынды дезинфекция жүргізу;

**4. Мағжан Жұмабаев ауданының АА бас дәрігері:**

1) covid-19 бар науқастарды клиникалық хаттамаға сәйкес тексеру үшін 3 күнге дейінгі мерзімге оқшаулағышқа жатқызу, кейіннен оң нәтижесі бар пациенттерді инфекциялық бөлімшеге ауыстыру. Асимптоматикалық вирус тасымалдауда (SARSCoV-2 РНК ПТР оң нәтижесі шағымдардың, клиникалық белгілердің және өкпені инструментальді визуалдау кезінде патологиялық өзгерістердің болмауы) пациент емдеуші дәрігердің шешімі бойынша және аумақтық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бөлімше меңгерушісімен және эпидемиологымен келісім бойынша шығарылуға жатады;

2) үйде медициналық бақылаудың жүргізілуін және үй карантині талаптарының сақталуын бақылау;

3) ішкі карантинге ұшыраған жұмыс істейтін азаматтарға еңбекке жарамсыздық парақтарын беру (инфекция ошақтарында оқшаулау, үй карантині және өзін-өзі оқшаулау).

**5. Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөліміне:**

-covid-19 оң нәтижесі бар азаматтардың және covid-19 жеңіл оқиғасымен байланыста болған адамдардың **көшеде жүру құқығынсыз** үй карантині режимін сақтауын бақылау;

- Қарақоға селосы бойынша жаяу да, көлікпен де қозғалысты шектеу;

-COVID-19 клиникалық белгілері бар адамдарды ерте анықтау және оқшаулау мақсатында ішкі карантиндік аймақтарды аула бойынша аралап шығуды қамтамасыз ету; - азық-түлік өнімдерін тасымалдауды жүзеге асыратын көлікті қоспағанда, Мағжан Жұмабаев ауданының Қарақоға селосына жаяу жүргіншілермен және көлік құралдарымен рұқсатсыз кіру және одан шығу фактілерінің жолын кесу.

#### **6. Мониторинг тобының мүшелеріне:**

1) заңды және жеке тұлғалардың коронавирустық инфекцияның таралу қаупі туындауының алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық шараларды сақтауына мониторинг жүргізу;

2) заңды және жеке тұлғалардың осы қаулыда көзделген шектеу шараларын, оның ішінде Возвышенка ауылынан адамдардың кіруі/шығуы бойынша шектеулерге қатысты сақтау мәніне мониторинг жүргізу.

#### **6. Қарақоға селолық округ әкіміне және ішкі саясат бөліміне:**

1) 2 күн ішінде БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы халықты жаппай хабардар етуді жүргізу;

2) қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы халыққа жадынамалар, оның ішінде шұғыл және авариялық қызметтердің барлық қажетті байланыстарын көрсете отырып, төтенше жағдай кезеңінде сақтық шараларын, көшелерде өзін-өзі ұстау қағидаларын сақтау туралы Азаматтарға арналған нұсқаулықтар әзірлесін;

7. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**М.Жұмабаев ауданының  
Бас мемлекеттік санитариялық  
дәрігері**



**Б.Бегенова**